

МӘДЕНИ МҰРА



КУЛЬТУРНОЕ
НАСЛЕДИЕ
СТР-87

ISSN 1684-9302

02



9 771684 930167

ЖОЛТЕРЕК – НАУРЫЗДЫҚ НЫШАН

(Ұсыныс)

Бүгінгі заманауи мерекелер атрибутсыз, нышансыз өтпейді. Бұрынғы наурыздық нышандар жаңа заман талабына лайықталмаса, оның этнографиялық сипаты жалпыазаматтық шара ретінде қабылданбай, оның кеңінен қолдау табуына кедергі болады. Жиырма шақты жыл бойы ресми түрде өтіп келе жатқан наурыздық шаралардың басты кемшілігі де осында. Наурызды этнографиялық байлықпен ауырлатып алған сыңайымыз бар.

Әу баста Наурыз мейрамы жалпыадамзаттық құндылыққа негізделген, тео-мифологиялық танымдарға қаныққан мереке болатын. Оның бірнеше мыңжылдық тарихи жолы талай идеологиялық және танымдық сипаттардан өтіп, ақыры Кеңес одағы билігі тұсында мейрам ретіндегі құндылығын жойғаны рас. Алайда, наурыздық танымды қалпына келтіретін конструкцияға иек арту үшін соңғы ғасырлардағы қазақы таныммен, этнографиямен шектелу жеткіліксіз. Сондықтан да біз қазақ халқының бүгінгі танымына сіңген, алайда бірнеше мыңжылдықтарға барып тірелетін сіңісті этносипаттарды қотарыстыруға мәжбүрміз, қажет болса, оны қалпына келтіріп, бүгінгі заманға лайықтап ұсынуға тиіспіз. Осы жолы Наурыз мейрамына лайық әрі көптеген жыл басылық нышанның бастысына айналған бәйтерек тақырыбын сөз еткенді жөн көрмекпіз. Мифологиялық бәйтеректің тарихында бірнеше сипаты мен келбеті болғанын дәйек ете отырып, оны наурыздық эмблемаға айналдырудың мүмкіндіктерін қарастырмақпыз.



Серік ЕРҒАЛИ,
мәдениеттанушы

БӘЙТЕРЕК – өмір жолы

Бәйтерек – түрк жұрттары танымындағы үш-белдеулі кеңістікті қамтыған ғаламдық өзек, бәрі соның бойында, маңында орын алады. Бәйтерек – ғаламдық ауқымдағы өмір жолы. Бәйтеректі белгілі қазақ аңызы Уақыт пен Кеңістікті және Жер мен Көкті қосатын ғаламдық өзек ретінде сипаттайды: жетібасты айдаһар – Уақыт, жыл сайын адамның біржылдық жұмыртқа-ғұмырын жұтады; Бәйтерек – өмір кеңістігі; Самұрық/қарақұс адамның болашақ ғұмыры, арманы, аңсары; айдаһармен алысып жеңетін батыр – адамның күш-жігері, еңбегі, қажыры мен қайраты (1-сурет).

ШОҚТЕРЕК – рухтар жолы

Алтай өңірінен табылып, Эрмитаждағы I Петрдің Сібір коллекциясында сақталған ежелгі сақтардың мұрасы саналатын «Шоқтерек түбіндегі салт аттылар» (ж. с. д. IV-III ғ.) атты мына алтын тоға композициясында үш адам бейнеленген. Сол жақтағы биік бөрік киген әйел мен оң жақтағы ат тізгінін ұстап отырған мұртты кісінің алдында ұзынынан сұлаған ер кісі жатыр. Бәйтеректе қорамсақ ілінген. Бұл композицияны орыстың белгілі археологы М. П. Грязнов «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастанының алтай халқы арасында тараған нұсқасына тән сюжет деп

1-сурет





2-сурет

таниды. Алтайлық дастан бойынша Қозын-Еркеш (Қозы Көрпеш) шоқтерек түбінде жауының қолынан қаза табады. Оның жары Байым-сур (Баян сұлу) мен Қозының туысы Бачикай-Қара екеуі Еркешті тірілтуге барлық емдер мен амалдарды жасап, оны қайта өмірге алып келеді...

Бұл көріністегі шоқтерек – мықан ағашының (өмір ағашының) бір сипатын аңғартады (2-сурет). Яки адам өлгенде оның жаны осы жолмен, яғни шоқтеректің бойымен Көкке кетеді-міс деген иланым бағамдалады. Ұзынынан сұлаған адамның ағаш түбінде жайғасуы да оның жанының адаспай терек бойымен Көкке кетуін немесе оның аман қалуын тілеу нышанын білдіреді.

ЖОЛТЕРЕК – қос дүние арасындағы қозғалыс жолы

Белгілі фольклортанушы Е. Д. Тұрсынов («Древнетюркский фольклор: истоки и становление», «Дайкпресс», 2001) түрктік танымға сүйене отырып, былайша сыйпаттайды:

«... средний мир (мир человека) предстает неким связующим звеном между верхним и нижним мирами, ибо души людей находятся и в верхнем мире, помогая живым людям (это аруахи – духи предков, помогающие своим потомкам, живущим в среднем мире), и в то же самое время в нижнем мире, куда спускаются души умерших злых людей, черных шаманов, людей погибших насильственной смертью и не погребенных и т. д.» Кроме того, души неродившихся людей также находятся в мире мертвых, ибо живые – это воплощение ранее умерших, совершающих извечный кругооборот, рождаясь, умирая и возвращаясь к живым. В то же самое время души неродившихся людей обитают и в верхнем мире, откуда они по ветвям мирового дерева спускаются и входят в утробы женщин, беременеющих после этого...» Бұл түсіндірме бойынша,




3-сурет

міндетті олар жолтерек бойындағы қозғалысты бақылауды міндет еткендіктен атқарады.

ЖОЛТЕРЕК – тілек пен бақыт дарытушы

Алтайлық Маадай-Қара жырында Бәйтеректің сипатын белгілі фольклортанушы Е. Д. Тұрсынов: «Байтерек имеет золотые листья на солнечной стороне и серебряные – на лунной. На вершине его сидят две кукушки, которые знают, кому какой век предопределен, кому доведется быть счастливым, кому – несчастным. Ниже расположены два беркута, а у основания ствола – две собаки, стерегущие покой обитателей среднего мира. Иногда мировое дерево ассоциируется с коновязью...» – деп сипаттады. Бұл сипатқа қарағанда, бәйтерек Жаратқанның тікелей қарауындағы ғаламдық құрылымның рөлін атқарады. Яғни осы басты ғаламдық қасиетті ағаш

4-сурет



жолға айналған терек/ дарақ адамның екі дүние арасындағы қатынас жолы есебінде де мойындалып, барлық өмірлік басты қозғалыс осы **Жолтерек** арқылы жүретіндігі талай туындыға арқау болған (3-сурет).

«Бақсы» сөзінің өзі осы жолды бағушы дегенді білдіреді және бақсылар өздерін «жол ұстаушылармыз» деп есептейді. Бұл

арқылы ниет пен тілекті жіберу арқылы тағдырға өзгеріс енгізу мүмкіндігі байқалады (4-сурет).

ЖОЛТЕРЕК – бақсылар атрибутында

Бақсы даңғырасының дөңгелек жүзін ғаламдық біртұтас үй іспетті қабылдауға болады: оның қақ ортасын ала тік бағыттағы найзаға (жебе) ұқсас түзу сызық астыңғы жағында



5-сурет

жартылай күмбез түрінде о дүние әлемін, ал «найзаның ұшы» енген үстіңгі шеңбер аспан әлемін білдірсе, бұл екі арадағы «найза-бәйтеректің» бойы ортаңғы адамзат әлемін бейнелеген. Мұндағы найза, тағы да сол – жолтерек (5-сурет).

ЖОЛТЕРЕК – тілек тасушы

Жолтеректің рөлі бүгінде ежелгі тәңірлік танымды христиандық құндылыққа айналдырған халықтарда жаңажылдық шырша есебінде де қолданылады. Оны түркілік «йол», яғни «жол» сөзімен атап, орыс тілінде «ка» жалғауымен «ёлка» деп жүр.

Демек, арнайы ғұрып кезінде жолтерек адам мен Көктің арасындағы тілектің, қарым-қатынастың жолы ретінде қызмет атқарғандығына куәміз (6-сурет).

6-сурет



ЖОЛТЕРЕК: орда, адалбақан

Жолтерексіз қазақ тұрмысын елестету мүмкін емес. Қазақтың басты тұрағы – орда үй шаңырағы тек қана арнайы жасалған бақанмен көтеріледі және ол

7-сурет



бақан үйдің ішінде шаңыраққа тіреліп, Көк пен Жерді байланыстырып тұрады. Киізі жабылмаған орда үй көз алдымызға еріксіз түрде әдемі безендірілген бәйтеректі елестетеді.

Кейде ол кереге басына көлденең қойылып, «адалбақан» рөлін атқарады (7-сурет). Мұндағы «адалбақан» ұғымы қазақтың дәстүрлі тыйым үрдісіне икемделіп, жаңа сипат алған жолтерекке сәйкеседі. Өйткені, адалбақанға, әдетте, той-садақаға арналған киім-кешек пен мата-жыртыстар ілінеді. Адал болатын себебі, сол жоралғылық нәрселер Көктен келетін таза энергия сіңіп, адалдығы артады-мыс деген дәстүрлі талапқа қызмет етіп тұр.

ЖОЛТЕРЕК – адам түйсігінде

Қазақ халқы бәйтеректі тек қана мифологиямен танып, жолтерек ұғымынан ажырап қалса да, шығармашыл жандар оның тұрпатын ұмытар емес, керісінше, кестешілер, суретшілер оның небір сипатын бүгінде аша түсуде. Ендеше жолтеректің адамзат санасында мәңгі ұялаған әлдебір құдіретті сипат екендігін мойындауға мәжбүрміз (8-сурет).

8-сурет




ЖОЛТЕРЕК – түрк жұрттары жаңа жылының нышаны

Бүгінде жолтерек өз-өзінен Наурыз мейрамының басты нышанына да айналып келе жатқандай. Мына бір логотип жыл сайын қазақ телеарналарының экранын безендіретіні рас. Басқа да наурыз тақырыбына арналған безендірімдердің басты да ортаңғы бөлігі жолтерекке арналған (9-10-суреттер).

9-сурет






10-сурет



11-сурет

Сондай-ақ, жолтерек – саха халқының жаңа жылы есептелетін Ысыах-Олонхо мерекесінің басты атрибуты. Олар мұны «аал луук мас» – «алып ұлы ағаш» деп атайды (11-сурет).

ЖОЛТЕРЕК мектептің наурыздық салтанатында



Астана қаласының №56 мектеп-лицейінде 2009 жылдан бері сыныптық және жалпымектептік наурыз шараларына жолтеректі орнатып мерекелеу – әбден сіңісті жайтқа айналды (12-сурет). Жолтерек реконструкциялық жолмен арнайы түрде жасалып, нағыз жылбасылық нышан-әшекей ретінде қолданыла бастады.

12-сурет

ЖОЛТЕРЕКТІ жасау жолы

Жолтерек – үстіңгі жағы бақан басына көтерілген көгілдір шаңырақтан (көк аспан күмбезі); оның астын ала әшекей баулар бекітілетін шығыры бар шеңберден; төменгі тұсына да кеңдеу шеңбер бекітіліп, солар арқылы 7 түсті, үш қайтара керілген 21 бау немесе таспадан тұратын құрылым. Шаңырақты көтеріп тұрған бақан немесе сырықтың өне бойына жеті түсті мата таспа оратылады. Жолтеректі гүлдермен безендіру – Наурыздың көктем басы екендігін паш етеді.

Жолтерек алаңға, орынжайға және үйге арналған түрлеріне орай үш түрлі болады да, олардың өлшемдері де соған сәйкеседі:

Алаңдық жолтерек: биіктігі – 5-10 м , диаметрі – 10-30 см;

Орынжайлық жолтерек: биіктігі – 2-3 м , диаметрі – 7-10 см;

Отбасылық жолтерек: биіктігі – 1-2 м , диаметрі – 5-7 см.

Оны ағаштан, алюминнен, пластикалық материалдардан жасауға болады. Аяғы орнықты болатындай тұғыр болғаны жөн. Жолтеректің етегіне айналдыра сыйлықтар мен басқа түрлі фигуралар, ойыншықтар ілінеді (13-сурет).



13-сурет

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается тема «Байтерек», как символ начала нового года. Автор предлагает в качестве атрибута праздника Наурыз дерево благополучия и счастья – Жолтерек.

SUMMARY

The article deals with Baiterek theme as a symbol of the new year. The author proposes Zholterek, a tree well-being and happiness, as an attribute of Nauryz holiday.